

МРНТИ 18.41.85

Сымбат Әбдуахан¹, Айзада Бултбаева¹¹*Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы
Алматы, Қазақстан***КҮЙШІ Ә.ШЫНҚОЖАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ****Аннотация**

Мақалада Жетісу өңірінің Батыс аймағына жататын Шу өңірінің күйшісі Әшірәлі Шынқожаевтың шығармашылығы қарастырылады. Күйшінің өмірбаяны мен шығармашылығы туралы деректер беріліп, күйлеріне талдау жасалынады. Күйлері құрылым, ырғақ, әуен, орындаушылық әдіс тұрғысынан қарастырылып, салыстырмалы түрде көрсетіледі. Композитордың Жетісу күйшілік мектептеріне тән ерекшеліктері аталады. Солардың ішінде, Жетісу жібек сазды әуендері мен Арқа, Қаратау мектептерінің орындаушылық дәстүрімен байланысы, вариантты, секвенциялық және импровизациялық қайталау үлгісі сияқты ерекшеліктер айтылады. Күйлерінің құрылымы буындық, транспозициялық, буынсыз болып келеді. Мысал ретінде буындық құрылымдағы «Көтерілген тың» және «Желдірме» күйлері талданады.

Түйінді сөздер: Әшірәлі Шынқожаев, күй, күйші, өнер, дәстүр, орындаушылық, Жетісу, буын.

Сымбат Әбдуахан¹, Айзада Бултбаева¹¹*Казахская национальная консерватория им. Курмангазы
Алматы, Казахстан***ТВОРЧЕСТВО КҮЙШИ А. ШЫНҚОЖАЕВА****Аннотация**

Объектом исследования в данной статье предстает творчество күйші-композитора Жетысуской домбровой традиции – Аширәлі Шинқожаева. Приводятся биографические данные и сведения о творческом наследии күйші, дан достаточно подробный анализ кюев. Кюи рассматриваются с точки зрения структуры, ритма, мелодии, приемов игры и даются в сравнении. Автор статьи выделяет в кюях композитора некоторые отличительные черты, свойственные кюевой традиции школы Жетысу. К ним относится связь между нежным звучанием мелодий Жетысу и исполнительскими традициями школ Арки и Каратау, а так же, варианты, секвенционные повторы и импровизационное развитие тем в кюях. Кюи Аширәлі написаны в двух традициях – буынной и транспозиционной. В качестве примера проанализированы кюи «Көтерілген тың» и «Желдірме». На примере этих кюев демонстрируется буынный принцип развития материала.

Ключевые слова: Аширәлі Шинқожаев, күй, күйші, искусство, традиции, исполнительство, Жетысу, буын.

Symbat Abduakhap¹, Aizada Bultbaeva¹¹*Kazakh National Conservatory named after Kurmangazy
Almaty, Kazakhstan***CREATIVITY KUIISHI OF A. CHYNGOJOEV****Abstract**

The research object in this article is the work of kuishi-composer of the Zhetysu dombra tradition - Ashirali Shinkozhayev. Biographical data and information about the creative heritage of kuishi are given and a relatively detailed analysis of kuis. Kuis are considered from the point of view of structure, rhythm, melody, playing techniques and are given in comparison. The author of the article highlights some distinctive features of the composer's kuis that are characteristic of the Zhetysu kyu tradition. These include the connection between the gentle sound of Zhetysu melodies and the performing traditions of the Arka and Karatau schools and variant and sequential repetitions and improvisational development of themes in kuis. Kuis of Ashirali written in two traditions – buyn and transpositional. As an example, the kuis "Koterilgen tyyn" and "Zheldirme" are analysed. For example, these kuis bunny demonstrates the principle of material development.

Keywords: Ashirali Shinkozhayev, kui, kuishi, art, traditions, performance, creation, Zhetysu, bunny (zone).

Қазақтың кәсіби күй өнерінде халқымыздың рухани болмысы мен тарихын суреттейтін бірнеше күйшілік мектеп қалыптасқан. Солардың бірі және бірегейі – дарынды домбырашы мен атақты күйшілерді сыйлаған Жетісу күйшілік мектебі.

Батыстың төкпе күйлеріне тән екпінді әрі жігерлі ырғақ пен Арқаның шертпе күйлерінің жүрек тербететін философиялық интонациясын тоғыстырған, сағынғанға серік, қиналғанға ем дарытатын Жетісу күйлері оң және теріс бұрауда шертіліп, атадан балаға мирас болып, халықтың асыл қазынасы ретінде бүгінгі күнге жетті.

Жетісу күйлері туралы алғаш А. Жұбанов, А. Затаевич, У. Бекенов, Б.Ерзакович, З. Жанұзақова еңбектерінде жазылып, кейін Б. Мүптекеев, С. Медеубекұлы, Е. Тұңғышұлы, Ж. Жүзбай, М. Әбуғазылар ол күйлердің жарыққа шығуына үлкен үлес қоса бастады. Сондай-ақ, күйлердің насихатталуында зор еңбек атқарып жүрген күйші-орындаушылар Е. Тұңғышұлы, М. Әбуғазы, Т. Оразаев, Б. Әбенев, Б. Бекмұханбетовтарды атасақ болады. Алайда көпке танымал бірнеше күй ғана болмаса, Жетісу күйлері туралы зерттеулер өз тұғырына әлі шыға қойған жоқ.

Академик А.Жұбанов Жетісу күйшілік мектебі жайында жазғанында, негізін қалаушы Байсерке екенін ерекше атап көрсеткен [1, 247]. XIX ғасырда Жетісу аймағында үлкен күйшілік мектептер дамып жатты. Олар Жетісудың Оңтүстік шығысындағы Қожеке, Мергенбай, Сыбанқұл мектебі және Батыс аймағында Іленің батысынан бастап Шу мен Талас аңғарындағы Байсерке Құлышұлы қалаған күйшілік дәстүр. Осы дәстүрдің ізбасарлары – Бердібек, Сатқынбай, Қожабек, Қатшыбай, Кенен, кешегі Темірбек, Әшірәлі, Тұраш, Нұрғиса, Мәлгәждар, бүгінгі Ә. Желдібаев, А. Малдыбаев, Т. Орынтаев, Р. Күлшебаев және т.б. Аталған күйшілердің ішінен ғылыми тұрғыдан қарастырылмаған күйші, ақын, композитор Ә.Шынқожаевқа тоқтала өтейік.

Академик А.Сейдімбектің еңбектерінде келтірілген мәліметтер бойынша **Әшірәлі Шынқожаев** Жамбыл облысының Шу ауданы, Көктөбе ауылында 1920 жылы дүниеге келген белгілі күйші – домбырашы, ақын [2, 811]. Шыққан тегі Ұлы жүз Дулат тайпасының Сиқым деген руынан. Домбыраға жас кезінен бауыр басып, ауыл арасында «бала күйші» атанған. Алайда, он үш жасында шешек ауруына шалдығып, екі көзінен айырылып, бұрын домбыраны қызықтап тартса, енді мұңдасар серігіне айналдырады. Күйші он жеті жасынан бастап күй шығара бастайды. Ол шығарған күйлер ойлы да орнықты сарынымен, күй өнерінің орныққан дәстүрін берік сақтауымен тыңдаған жұртшылықтың көңілінен шығып, тіптен өнер зерттеуші ғалымдардың назарын аудара бастайды.

Қазіргі таңда күйшінің он жеті күйі және онға жуық әндері Алматы қаласы Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының фольклорлық кабинетінде сақтаулы тұр. Ә.Шынқожаевтың күйлерін алғаш рет 1953 жылы бегілі ғалым Б.Ерзакович, кейін 1962 жылы ғылыми-фольклорлық экспедиция барысында танымал зерттеуші З.Жанұзақова жазып алған. Сол жылы «Қазақтың аспаптық музыкасы» деген жинаққа енгізіп, нотаға түсірген [3]. Бұл жинақта күйшінің он алты күйінің нотасы бар. Бірақ күйлерді нотаға таңбалауда «d-g» теңестірілген түрде хатталмаған. Сол себепті осы уақытқа дейін күйлер орындаушылар назарынан тыс қалды десек те болады.

Айналасын ән мен күйге бөлеген композитор Ә.Шынқожаев 1992 жылы өз туған жерінде өмірден өтеді. Бірақ оның өнерін жалғаған шәкірттері жоқ және артында қалған ұрпақтары да әке жолымен өнер жолында болмады. Біздің қолымызда бар қалған мұрасы тек ұнтаспаға жазылған күйлері. Олар: «Тойбастар», «Тойға шашу», «Тойға тарту», «Колхоз биі», «Көтерілген тыңым», «Еңбек биі», «Қазақ маршы», «Балдырған», «Жас балдырған», «Тентек боран», «Шоқпар», «Дулат», «Бейбітшілік», «Толқын», «Ой толқыны», «Қой күзету», «Жайлау», «Желдірме»; Әндері: «Арнау», «Қырық жылдың қырқасында», «Жайлау әні», «Кербұлақ», «Бөбегім», «Космонавт Гагарин», «Тың өлке», «Еліме жүгерінің маңызы бар», «Қазақстанның 40 жылдығына Желдірме».

Жалпы Жетісу күйшілік мектебіне келетін болсақ, оның нақты белгілерін іріктеп атау оңай емес. Себебі, бұл мектептің күйлерінде Арқа, Қаратау, Алтай, Сыр сарындары аралас кездесе береді. Демек, «Синтез» орындау тәсілінде, өңір күйлерінің айырмашылығын мына төменде көрсетілген белгілерден байқаймыз:

- тарту әдістері
- әуені
- ырғағы
- құрылымы.

Әшірәлінің күйлері Байсеркеден келе жатқан Жетісу әуендері мен орындаушылықты Арқа, Қаратау дәстүрімен байланыстыруымен ерекшеленеді. Күйлерінің құрылымы буындық, транспозициялық, буынсыз болып келеді. Буындық формадағы күйлеріне «Тойбастар», «Тойға шашу», «Тойға тарту», «Дулат», «Шоқпар», «Колхоз биі» жатады. Шертпе күй құрылымында шығарылған буынсыз күйлеріне «Ой толқыны», «Бейбітшілік мелодиясы», «Жас балдырған» күйлерін жатқызуға болады.

Әшірәлі шығармашылығындағы «Көтерілген тың» күйінің тақырыбы Қазақстан тарихындағы үлкен оқиғалардың бірі – «Тың және тыңайған жерлерді игеру» (1954-1960) науқанын қозғайды. Н.Хрущевтің саясатымен жүзеге асқан бұл еңбек қазақ халқына өте көп қиыншылықтарын ала келді. Десе де, көп ауыртпашылықты басынан кешкен тыл еңбеккерлері Қазақстанды КСРО-дағы ең ірі астық өндіруші елге айналдырды. Осы адамдардың жігері мен қажымас еңбегіне композитор шабыттанып күй шығарған. Күй өнерінде осы тарихи оқиғаға байланысты туындаған басқа да күйлер бар. Олардың ішінен Х.Тастановтың «Тыңға аттану» сияқты туындысын ерекше атап өтуге болады [4].

Осы мақалада мысал ретінде екі күй қарастырылады. Біреуі буындық құрылымдағы «Көтерілген тың» күйі және буынсыз құрылымдағы «Желдірме» күйі. Екі күйге күйші Н.Әшіров түсірген нота бойынша талдау жасалынады [5].

«Көтерілген тың» күйі шағын кіріспеден басталады. Мұндағы ырғақтық жүйе шығарманың дамуына арқау болып отырады деуге болады. Айта кетерлік жайт, мұнда ырғақ та, әуен де бір сарында, кішігірім секвенциялық жүрістердің көмегімен дамиды.

Көтерілген тың

Әшірәлі




Метроритмі басым көпшілігінде 4/4 өлшемінен тұрады, сирек жағдайларда 6/4 өлшемі де кездеседі.

Жоғарыда көрсетілген кіріспеден кейін күй желісі негізгі буында өрбиді. Бұл арада негізгі буын мен орта буынды күй басындағы шағын кіріспе жалғап отырады:



Осы негізгі буыннан төмендегі дыбыс қатарларын құрып, миксолидийлік, эолийлік, фригийлік ладтарды байқауға болады:



Әрі қарай күй кішігірім саға элементіне ұласады. Бұлай атауымыздың себебі, онда сағаға тән октавалық секірудің болуына қарамастан, үстіңгі ішектегі әуендік стереотип кездеспейді. Осы бір секіруден кейін әуен кіші саға регистрінде кішігірім секвенциялармен жүре отырып, орта буынға жалғасады.



Бұл буында дорийлік және фригийлік ладтар ұшырасады:



Осындай кішігірім сағадан кейін күй орта буынмен жалғасып, негізгі буын элементтерінен кіріспеге өтіп аяқталады. Орта буын сағаның әуенін аракідік қайталап отырады. Тұжырымдай келе бұл күйде кішігірім секвенциялық жүрістердің көмегімен ырғақ та, әуен де бір сарында жүреді.

Желдірме

Тез орындалатын бұл күй *d-a* ладтық тірегіне ие. Бастапқы тактіде шертіп қағу әдісі қолданылады. Буындық формаға жатпайтын бұл күй бірден негізгі тақырып арқылы басталады.



Бастапқы тақырыптық элемент қайталауға негізделген. 15-ші тактіден бастап секвенциялық жүріс арқылы екінші тақырыптық элементі орын алады. Нона интервалын қамтыған тақырыптық элементтің шекаралық аймағы кіші сағаға дейін, яғни екінші октаваның *h* дыбысына дейін созылады.



Бұл тақырыптық элемент 19-23т.т. аралығында тағы бір мәрте қайталаанады.

24 тактіден жоғарыдағы элементтің дамуы орын алып, әрі қарай сатылай жүріспен бас буын аймағына түседі. Тоғыз тактіден тұратын бас буын секвенциялық жүріс арқылы дамиды.



Күй әрі қарай негізгі тақырыптың вариантты қайталануымен жалғасын табады. Секвенциялық жүріспен дамыған екінші тақырыптық элементі бұл жолы бас буынмен орын алмасады. Негізгі тақырып желісі тағы да вариантты түрде екі рет қайталанып күй өз мәресіне жетеді. Күй басталуындағы *d-a* ладтық тірегінде емес, *g-d²* тірегімен аяқталады.

Желдірме күйінің талдауын қорытындылай келе автордың өзгешелігі күйде бір тақырыптық желі алып, соны вариантты қайталау арқылы дамытып, бірнеше мәрте қайталауы және екі түрлі ладтық тіректі пайдалануы екенін аңғарамыз.

Әшірәлі шығармашылығының ерекшеліктері осындай салыстырмалы екі күйдің негізінде көрсетілді. Қорытындылай келе айтарымыз, Әшірәлі күйлері ырғақ жағынан Байсерке күйлеріне ұқсас екендігі, географиялық тұрғыдан қарағанда Шу өңірі Арқа және Қаратаумен жақын орналасқандықтан, әуені Жетісудың жібек сазы мен Арқа, Қаратау саздарымен ұштасуы байқалады. Күйлерде әннің құрылым заңдылығы енген, алайда қарапайым әндегі қайталау емес, импровизациялық қайталау үлгісі қалыптасқандығын атап айту керек. Яғни, әндегі қайталаудың негізін күй құрылымына қарай сіңістіріп, регистрлік және ладтық тіректердің түрленіп өзгеруіне алып келген. Ал Арқа, Қаратау күйшілік мектептерінде күйдің өне бойында осы айтылған әннің даму заңдылығы бар күйлер кездеспейді. Күй өнері мен ән әуен-сазының астасуы осы өңір күйшілерінің шығармашылығындағы басты ерекшелігі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. *Жұбанов А.* Ғасырлар пернесі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002.
2. *Сейдімбек А.* Қазақтың күй өнері. – Астана: Күлтегін, 2002.
3. *Жанұзақова З.* Қазақтың аспаптық музыкасы. – Алматы, 1962.
4. *Есенұлы А., Елеусізқызы Г.* Күй қастерлі әуез. – Алматы: Өлке, 1998.
5. *Әшіров Н.* Ә.Шынқожаев. Желдірме. – Алматы, 2020.

References (transliterated)

1. *Žubanov A.* Ğasyrlar pernesi. – Almaty: Dajk-Press, 2002.
2. *Sejdimbek A.* Қазақтың күй өнері. – Astana: Kùltegin, 2002.
3. *Žanuзақova Z.* Қазақтың aspapyқ muzykasy. – Almaty, 1962.
4. *Esenuly A., Eleusizkyzy G.* Kùj қasterli әuez. – Almaty: Òlke, 1998.
5. *Áširov N.* Á.Šynқožaev. Želdirme. – Almaty, 2020.

Авторлар туралы мәлімет:

Әбдуахан Сымбат Изатуллақызы – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының II курс магистранты.

Бултбаева Айзада Зейкеновна – өнертану кандидаты, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының доценті.

Сведения об авторах:

Абдуахан Сымбат Изатуллақызы – магистрант II года обучения Казахской национальной консерватории имени Курмангазы.

Бултбаева Айзада Зейкеновна – кандидат искусствоведения, доцент Казахской национальной консерватории имени Курмангазы.

Information about the authors:

Abduahap Symbat Izatullakzy – graduate II year students of the Kazakh National Conservatory named after Kurmangazy.

Bultbayeva Aizada Zeikenovna – candidate of art Sciences, associate Professor of the Kurmangazy Kazakh National Conservatory.